

ӘДІЛ СОТ
ТӨРЕЛІГІНЕ
ЖАСАЛҒАН
МАҢЫЗДЫ
ҚАДАМ

2025 жылғы 1 шілде Қазақстанның сот жүйесі үшін тарихи күн болды. Осы күннен бастап Астанада үш жаңа кассациялық сот – азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша толыққанды қызметін бастады. Бұл – еліміздің құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған кешенді сот реформасының маңызды кезеңі.

Кассациялық соттарды құру 2024 жылы қабылданған Конституциялық заңға (109-VIII) енгізілген өзгерістер арқылы жүзеге асты. Сонымен қатар Азаматтық, Қылмыстық және Әкімшілік процестік кодекстерге түзетулер енгізіліп, жаңа соттардың құзыреті, қарау тәртібі мен процессуалдық рәсімдері нақты бекітілді.

Бұл заңнамалық жаңалықтар еліміздің сот жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатуды, азаматтардың жоғары са- тыдағы сот бақылауына қолжетімділігін арттыруды көздейді.

Жаңа институтты қалыптастыру идеясы бұрынғы кассациялық тетіктің шектеулі болуына байланысты туындады. Бұған дейін азаматтар мен ұйымдардың өтініштері Жоғарғы Сотқа алдын ала іріктеуден (фильтрден) өткеннен кейін ғана қаралатын. Бұл құқық қорғау сала-сында біршама қиындықтар туғызғаны жасырын емес.

Жаңа модель – «үздіксіз кассация» қағидатына негізделген. Енді барлық кассациялық шағымдар бірінші кезекте жаңа құрылған соттарда қаралады. Бұл:

- азаматтардың сотқа жүгіну құқығын кеңейтеді;
- әр істің жан-жақты әрі жариялы талқылануына мүмкіндік береді;
- сот актілерінің заңдылық тұрғы- сынан біркелкі қаралуын қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге Жоғарғы Соттың рөлі айқындалып, оның қызметі құқықтық ұстанымдардың бірыңғайлылығын қамтамасыз ететін «ақиқаттың соңғы инстанциясы» деңгейіне көшті.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 4-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕКЕМЕНШІК АҚЫЛЫ
ТҰРАҚТАР ӘКІМДІК
БАҚЫЛАУЫНА ӨТЕДІ



Енді Алматы мен Астана қалаларында жекеменшік ақылы тұрақтар болмайды. Естеріңізде болса, Алматыда жатын аудандардың аулалары мен көшелерінде ақылы тұрақ орнатуға қарсы құзырлы орындарға петиция жолданған болатын.

АШЫҚ ДИАЛОГ

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ

Алматы қаласында «Заң мен тәртіп: медиацияның қоғамдағы маңызы» тақырыбында конференция өтті. Конференция Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының тапсырысымен, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жүзеге асырылған «Медиация институтын дәріптеу және дауларды шешу бойынша іс-шаралар кешені» жобасының қорытынды кезеңі ретінде өтті.

Елде «Заң мен тәртіп» жобасы қарқынды жүзеге асуда. Қалың бұқара қазір құқықтық мәдениетті бәрінен жоғары қояды. Ортақ жұмыс қана оң нәтиже береді десек, тәуелсіз, зайырлы ел ұстанымы «адам және адамның



өмірін» алдыңғы кезекке шығарды. Бүгінгі таңда құқықтық сауат бағытындағы әртүрлі игілікті іс шаралар өз жемісін беріп жүр. «Халық заңгері» жобасы да қазіргі таңда жалпы-халықтық қолдауға ие.

Ал, Алматы қаласында өткен «Заң мен тәртіп: медиацияның қоғамдағы маңызы» тақырыбындағы конференция дауларды шешудің тиімді әрі бейбіт, мәміле түріндегі алаңы. Жобаны ұйымдастырушылар шараның мақсатын – қоғамдағы құқықтық мәдениетті арттыру, медиация институтын дамыту, дауларды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерін насихаттау және азаматтар арасында келісімге келу мәдениетін қалыптастыру деп түсіндіреді. Іс-шараға қала прокуратурасы мен полиция өкілдері, медиаторлар, мемлекеттік орган қызметкерлері, кәсіпкерлер, жастар ұйымдары, ҰЕҰ өкілдері және қоғам белсенділері қатысты. Конференция барысында медиацияның қоғамдағы рөлі, құқықтық мәдениетті нығайту тетіктері және түрлі сала мамандарының тәжірибелері талқыланды, сондай-ақ қатысушылар арасында пікір алмасу және сұрақ-жауап ұйымдастырылды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

3-бет



АЭС іргетасы
2029 жылы қаланбақ

5-бет



Түркі әлемін тоғыстырған үн

8-бет



Ар жазасы – ақиқат айнасы

БІР МҮДДЕ

Отбасы – қоғамның ең басты ұясы, ал неке – сол отбасының негізі. Әрбір адамның өмірінде отбасының алатын орны ерекше. Өйткені отбасы – адамға мейірім, сүйіспеншілік, жауапкершілік пен сыйластық сезімдерін үйрететін алғашқы мектеп.

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ТҰРАҚТЫ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ



Неке – ер мен әйелдің өзара сүйіспеншілікке, сыйластыққа және ортақ жауапкершілікке негізделген заңды одағы. ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінде неке мен отбасы қатынастарының құқықтық негіздері айқын көрсетілген. Бұл заң азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған.

Отбасының негізгі міндеті – ұрпақ тәрбиелеу, рухани және мәдени құндылықтарды сақтау. Ата-ана балаларына қамқор болып, оларға өнеге көрсетіп, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеуге жауапты. Шаңырақ астындағы сыйластық, сенім мен өзара көмек – мықты отбасылық қатынастардың кепілі.

Қазіргі заманда отбасының рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Жаһан-

дану дәуірінде ұлттық тәрбие мен адамгершілік құндылықтарды сақтау – әрбір отбасының міндеті. Бақытты отбасы – тұрақты қоғамның негізі. Неке мен отбасы – адам өмірінің берік іргетасы. Отбасы мықты болса, мемлекет те мықты болады. Сондықтан әрбір адам өз отбасына сүйіспеншілікпен қарап, жауапкершілік пен сыйластықты бірінші орынға қоюы тиіс.

Бақытты өмірдің бастауы – мықты отбасы, ал мықты отбасының негізі – сенімді неке.

Б.САУРАН,
Түркістан облысы
кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
төрағасы

КИЕ

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатын секілді, мемлекеттік тілі болады. Демек мемлекеттік тіл де мемлекеттің негізгі атрибуттарының бірі.

Тіл халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде соңғы кезде сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Ең бастысы – тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау, оны өмірде қолдану мен қорғау басыдан бастау алу керек. Ал, егер өзіміз бен мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

Сондықтан мемлекеттік тілді ұлттық идея етіп, сол тілді қолданып, сол тілде сөйлеп, елімізге адал қызмет етейік.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тілге жанашыр, азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызға сақтап, соны іске асыруға жұмыла кірісек, мәселе оңынан шешіледі деген сенімдемін.

Мемлекеттік тіл тәуелсіздік ұғымымен тікелей байланысты, яғни балардан аманат болып келе жатқан күмбезді тілімізді саф күйінде келер ұрпаққа жеткізу біздің заманымыздың үлесінде. Тілдің тағдыры – елдің тағдыры, ол тек мемлекеттің саясатымен, мемлекеттік мекеменің ісімен шешілмейді. Мемлекеттік тілдің дамуы жолында қазақ халқының әр перзентінің атқаратын қызметі мен қосатын үлесі зор. Өйткені, тіл мәселесі өте маңызды мәселе, біріншіден, тіл – өзімізді ұлт ретінде сақтаудың қорғаны, екіншіден, бар-

лық қазақстандықтарды біріктіруші ортақ байлығымыз. Олай болса, мемлекеттік тілді білу – әр жанұяның, әр ұжымның негізгі мақсаты, біз тіл арқылы ғана ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұрпаққа аманаттай аламыз.

Қазіргі кезде Қазақстан дамудың сапалы жаңа деңгейіне көтерілді. Ашық демократиялық қоғам орнатып, әлемдік кеңістікке кіру үстінде. Қазақстанның даму жолы бүгінгі күні посткеңестік елдердің көпшілігіне үлгі. Мен қазақ тілінің жанашыры, тәжірибелі маман ретінде қазіргі таңда мемлекеттік тілге толыққанды көшу үшін және қазақ тілінің беделін одан әрі нығайту үшін, ең алдымен, мемлекеттік тілді оқытудың мазмұны мен сапасына көңіл бөлу қажет деп есептеймін. Өйткені, анамыздың сүтімен бойға даритын тілдің әр адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы орны ерекше. Бүгінгі қоғамның да алдымызға қойып отырған басты талаптарының бірі – өз ойы мен пікірін өз ана тілінде еркін жеткізе алатын, сол арқылы кез келген ортаға тез бейімделе білетін, сөйлеу тілі қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Басқарманың мемлекеттік тапсырыс аясындағы жоспары бойынша мемлекеттік тілмен қатар, жаһанға жол ашатын ағылшын тілінде оқып, үйренуге толық мүмкіндік жасалған.

Тіл – қатынастың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өйткені, ана тілінің өмір сүру кеңістігін тілді сақтау, ал тілді сақтау ел тұтастығын сақтау.

Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі. Тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттің тұғыры. Сол болашақтың берік іргетасын бүгін қалауымыз қажет.

А.ТАРГЕНОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сот әкімшісінің
басшысы

ҚАДАҒАЛАУ

АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚ!

ҚР Бас прокуратурасы көпшілікке үндеу жолдап, алаяқтықтан сақтандырды!

Алаяқтар сіздің ақшаңызды алып қою немесе сіздің атыңызға несие рәсімдеу үшін сізге телефон соғып, өздерін банк, полиция, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, әкімдік, тауар жеткізу немесе пошта қызметкерлеріміз деп таныстырады.

Сіз сол сәтте қарапайым ережелерді білуіңіз керек. Бейтаныс адамдармен сөйлеспеңіз.

Егер қоңырау соққан адам сізге «танысыңызбын» немесе өзін «танысыңыздың досымын» деп таныстырса және шұғыл түрде ақша сұраса, не болмаса сіздің қаражатыңызбен қандай да бір операция жасауға немесе телефоныңызға жіберілген сілтеме арқылы біреуге дауыс беруге өтінсе, қоңырауды тез арада өшіруді ұмытпаңыз, содан кейін сенімді болу үшін танысыңызға қайта қоңырау шалып, ол бұл туралы шынымен сұрағанын тексеріп көріңіз.

E-Gov немесе Kaspi.kz қосымшасы арқылы өз атыңызға несие рәсімдеуге немесе қарыз алуға тыйым салыңыз.

Есіңізде болсын!

1. Банктің қызметкерлері телефон арқылы ешқашан

сізге жеке ақшаңыз туралы айтпайды, SMS кодтарын немесе карта деректерін сұрамайды, қорқынышты сөздермен («Сіздің атыңызға несие рәсімделді», «Сіздің шотыңыз бұзылды») видеоқоңырау шалмайды.

2. Егер сіз ұялы телефоныңызға досыңыздан сілтеме алсаңыз, оны ашпаңыз, алаяқтар оның телефонын пайдаланып отыруы әбден мүмкін.

Танысыңызға қайта қоңырау шалып, тексеріп көріңіз.

Телефоныңыздағы SMS кодтар мен банк қолданбасының кодтарын ешкімге бермеңіз.

Бейтаныс қоңыраулар болған жағдайда банкке ресми нөмір арқылы хабарласыңыз.

Кез келген қоңырау туралы іс-қимыл жасамас бұрын балаларыңызбен, немерелеріңізбен, көршілеріңізбен немесе учаскелік полиция инспекторымен дереу кеңесіңіз.

Негізгі ереже! Телефон арқылы ешқашан күнбе күн шешім қабылдамаңыз. Алаяқтар үнемі қорқытады.

Асықпасаңыз – міндетті түрде ақшаңызбен жан тыныштығыңызды сақтайсыз.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ЕЛ АЙНАСЫ

Құқықтық саясаттың басты тірегі – заңның үстемдігі. Бұл қағидат ҚР Конституциясында бекітілген және мемлекеттіліктің іргетасы әрі қоғам тұрақтылығының кепілі. Осы тұрғыда «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілету 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдама аясында ерекше маңызға ие.

Сот жүйесі – әділдік пен заңдылықты қорғаушысы. Сот билігі – биліктің үш тармағының бірі және мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізгі тірегі. Азаматтардың құқықтарын қорғау, әділ және ашық сот төрелігін жүзеге асыру, Серпінді сот реформалары елде заң үстемдігін нығайтуға бағытталған.

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты заңдылықты қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Мысалы, дауларды медиация арқылы шешу, «Сот кабинеті» арқылы өтініш беру, «Eotinish» азаматтардың өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасы сияқты инновациялық тәсілдер сот қызметінің қолжетімділігін арттыруда.

Оның ішінде сот қызметін қолжетімді ету мақсатында енгізілген «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы азаматтар:

- өтініш, талап-арыз, шағымдарын сотқа онлайн жібере алады;
- іс құжаттарымен және қозғалысымен танысады;
- сот актілерін көшіріп ала алады;
- сот мәжілістерінің күн тәртібі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Бұл жүйе құқықтық мәдениетті арттырумен қатар, соттарға жүгіну процесін жеңілдетеді.

«Сот кабинеті» арқылы өтініш беру азаматтарды қағазбастылықтан арылтып, процесті жылдам әрі тиімді етуге ықпал етеді. Сонымен қатар, өтініштерді онлайн бақылау, уақытылы жауап алу – құқықтық сенім атмосферасын қалыптастырады.

Қоғамда заңға деген құрметті қалыптастыру – тек құқық қорғау органдарының міндеті ғана емес. Бұл жолда соттар да ерекше рөл атқарады.

Сот залында қабылданған әр-

КЕСЕЛ

ОРТАҚ КҮРЕС ҚАНА ОҢ НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ міндеттемелік шарттарын белгіледі. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары оның жолын анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстанның ұлттық



қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік функцияларды орындайтын мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген тұлғалардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертпен ел болып атсалысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Д. КОШЖАНОВА,
Ұлытау облысы кәмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
әкімші басшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖЕКЕМЕНШІК АҚЫЛЫ ТҰРАҚТАР ӘКІМДІК БАҚЫЛАУЫНА ӨТЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

500-ден астам қала тұрғыны қол қойған бұл өтініште ақылы тұрақтардың азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзып, адамдардың өмір сүру сапасын нашарлататыны нақты фактілерімен айтылған еді. Мәселен, Алматының ескі тұрғын үй қоры халықтың қазіргі тығыздығы мен автомобильдер санының өсуін ескермей салынған. Жаңа тұрғын үй кешендерінің жаппай бой көтеруі коммуналдық және көлік инфрақұрылымының шамадан тыс жүктелуіне алып келді. Қалада тегін және қолжетімді тұрақ аймақтары жеткілікті емес және көлік желісі талапқа сай дамымаған. Бұл тұрғындарға қосымша қолайсыздықтар тудырады.

Қала тұрғындары қаланың жатын аудандарындағы тұрақ орындарының ақысын жоюды талап етіп қазірдің өзінде орнатылған жол белгілері мен ақылы автотұрақты белгілейтін тіректерді жоюды сұрауда. Өтініш берушілердің пікірінше, ақылы автотұрақтарды енгізу туралы шешімдер міндетті жария тыңдаулар өткізбей қабылданады. Бұл жергілікті қоғамдастық істерін басқаруға азаматтардың қатысуы мен жариялылық қағидаттарына қайшы келетіні белгілі. Бастамашылар осы ретте қалалық инфрақұрылымға қатысты қосымша шешімдер қабылдаған кезде биліктің тиісті аудан тұрғындары-

ның қатысуымен міндетті қоғамдық тыңдаулар өткізуді орынды талап етті. Тұрғындар адал салық төлеушілер және Қазақстан Республикасының заңға бағынатын азаматтары ретінде олар биліктен қаланы басқаруда әділеттілік, ашықтық пен жауапкершілікті күтетінін айтқан болатын.

Мұндай жағдай Астана қаласына да тән. Елорда тұрғындары да ақылы автотұрақтар туғызатын қолайсыздықтан зардап шегіп келеді. Еліміздің екі ірі шахар тұрғындарының осы реніші халық қалаулыларының құлағына жеткендей. Парламент Мәжілісінің депутаты Бақытжан Базарбек осы мәселені Құрылыс кодексі қаралған кезде көтеріп, ақылы тұрақтарды екі қаланың көшелерінен алып тастау туралы ұсыныс жасапты. Жуырда ол өзінің осы түзетуін жаңа құжат жобасы бойынша құрылған жұмыс тобының қолдағанын мәлімдеді. Олардың қатарында Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Дүйсенбек Тұрғанов, Лұқбек Тұмашин, Құдайберген Бексұлтанов, Ермұрат Бапи, Нұргүл Тау, Данабек Исабеков, Әділбек Жұбанов, Үнзила Шапақ, Динара Наумова бар.

Депутаттың айтуынша, Алматыда олигархтардың фирмалар арқылы адамдардан ақша жинап, қала бюджетіне миллиардтаған теңге шығын келтіріп, айыптылар

жазасын алса да ақылы тұрақтарға тоқтам болмады. Қала тұрғындарының бұл ақшасы біреулердің қалтасын қалыңдатуда. Алматы мен Астанада жұмыс істеп жатқан ақылы тұрақтар қызмет көрсету орны емес, ақша жасау жүйесі. Олардан аталмыш қалаларға инвестиция да келмейді, тәртіп те орнамайды. Бұл автотұрақтар тек бұлыңғыр тетіктер арқылы автотұрақ ашуға қол жеткізгендердің табысын көбейтеді. Бұған тосқауыл қою керек. Дағдарыс кезінде адамдар есебінен баю қоғам алдындағы ауыр қылмыс. Әділдік салтанат құруы керек.

Жаңа құжат бойынша дәйектелген талап әкімшіліктердің Астана мен Алматы қалаларында жол бойына уақытша қолданылатын автотұрақтар үшін жер телімін беруге тыйым салады. Енді ақылы тұрақтар бойынша төлемдер биліктің таныс-туысының қалтасына емес, жергілікті бюджетке жолданады. Жүйе ашық болады. Автотұрақтар тарифы мен жұмысын реттеу толықтай әкімшіліктің қадағалауына өтеді. Жеке операторлар табысты учаскелерге бақылау жасай алмайды. Бүгінде бұл талаптар Мәжілістің салалық комитетіне жолданды. Бақытжан Базарбектің айтуынша, бұл шешім жуырда түпкілікті түрде қабылданады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

АЭС ІРГЕТАСЫ 2029 ЖЫЛЫ ҚАЛАНБАҚ

Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің жетекшісі Алмасадам Сәтқалиев елде бірінші АЭС-тің іргетасын қалау 2029 жылға жоспарланып отырғанын айтты.



«Росатом» жұмысын өте сәтті бастады. Шамамен 50 шақты ұңғыма қазылды. Топырақ үлгісі алынып, сарапталып жатыр. Радионуклидтердің бар-жоғына қатысты шамамен 2000 орын тексерілді. Гидрологиялық, гидротехникалық, инженерлік талдау, орынға топографиялық анализ жүргізілді. Екі гидробекет анықталды. Жалпы, жұмыс кестеге сай жүріп жатыр. Атом саласы мамандары арасында «алғашқы бетон» деп аталады, сол 2029 жылға қарай бастала ма деп отырмыз, – деді Алмасадам Сәтқалиев.

Оның сөзінше, жұмыс басталғаннан кейін 18 айда жобалық-зерттеу жұмыстары аяқталады. Бұдан бөлек, болашақ атом электр станциясына мамандарды да дайындау жұмысы қатар жүріп жатыр. Ал Қазақстанға екінші атом электр станциясын салып береді деген Қытай болашақ АЭС мамандары үшін 200 грант бөлген.

Алмасадам Сәтқалиевтің айтуынша, атом электр станциясы – ең күрделі технологиялық нысандардың бірі, сондықтан оның әрбір параметрі мұқият тексеріліп, есептелуі тиіс. Қазіргі уақытта зерттеу

жұмыстары жүргізіліп жатыр, оған қазақстандық мердігерлік ұйымдар да тартылған.

«Қазіргі кезде Франция, Қытай, Ресей, Венгрия сияқты елдердің энергетикалық нысандарында тәжірибеден өткісі келетін, атом энергетикалық станцияларында істерісі келетін жас мамандардан өтініш қабылдап жатырмыз» деді министр.

Биыл ақпанда Қазақстан үкіметі елдегі алғашқы атом электр станциясын салатын орынды ресми түрде бекітті – ол Алматы облысы Жамбыл ауданында, Балқаш көлінің жағасындағы Үлкен ауылының маңында тұрғызылмақ. 14 маусымда Қазақстан үкіметі алғашқы АЭС-ті Ресей салып береді деп мәлімдеген.

Кей экологтар Қазақстанда АЭС салуға қарсы. Олар атом станциясы Балқаш көліне кері әсер етуі мүмкін дейді. Қоғам белсенділері мен саясаттанушылар да АЭС-ті Ресей салатын болса, Қазақстан оған энергия және саяси жағынан тәуелді болып қалады деп алаңдайды.

Эколог Кумарғалиев Алишердің пікірінше, «ең үлкен тәуекелдердің бірі – радиоактивті қалдықтар. Ра-

диоактивті қалдықтар мыңдаған жылдар бойы тірі организмдер үшін қауіпті болып қалады, олардың қауіпсіз сақталуы өте маңызды мәселе. Дұрыс басқарылмаған жағдайда, бұл қалдықтар топырақ пен судың ластануына алып келуі мүмкін. Бұл экология үшін үлкен қауіп тудырады».

Ал ресми Астана Қазақстан қоғамына АЭС-ті таңдау шешімінің саяси астары жоқ дейді.

«Уран шикізатының, технологиялық процестерінің меншік иесі, операторы, өндірушісі Қазақстан болады», – деген Қазақстанның атом энергиясы жөніндегі агенттік төрағасы Алмасадам Сәтқалиев.

Атом энергетикасы жөніндегі агенттіктің мәліметінше, алғашқы АЭС-тің атауы анықталған. Конкурс қорытындысы бойынша нысанға «Балқаш атом электр станциясы» атауын беру ұсынылды. Бұл атау географиялық ерекшелікке негізделген халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Жылу энергетика инженері Бекасыл Аuezов: «Қазір жүргізіліп жатқан зерттеу жұмыстары – атом станциясын салудың ең маңызды кезеңі. Ұңғымалар қазу, топырақтың құрамын талдау, радионуклидтерді тексеру және гидрологиялық зерттеулер қауіпсіздік деңгейін есептеудің негізгі бөлігі болып саналады. Осындай ауқымды инженерлік анализдерсіз бірде-бір ел АЭС құрылысын бастамайды. Қазақстан таңдап отырған тәсіл – алдымен толық геологиялық база қалыптастырып, содан кейін ғана «алғашқы бетон» сатысына көшу – халықаралық тәжірибеге толығымен сәйкес келеді. Бұл нысанның 50-60 жыл бойы тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті қадам» дейді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ІСКЕ СӘТ!

Астанада 21 қарашада өткен Республикалық адвокаттар алқасының (РКА) төрағасын сайлау науқаны аяқталды. Делегаттар 15 үміткердің ішінен 50 жастағы Мади Мырзағараевты таңдады. Ол үш жыл бойы ұйымды басқарған Айдын Бикебаевтың орнына келеді.

Сайлау екі турға созылды. Бірінші кезеңде бірден үш кандидат – Мәди Мырзағараев, Рашид Евниев және Асел Токаева – дауыс көлемі бойынша бір-біріне өте жақын нәти-



АДВОКАТТАР ЖАҢА ТӨРАҒАСЫН САЙЛАДЫ

же көрсетті. Екінші турда тартыс Мырзағараев пен Евниев арасында жалғасып, нәтижесінде Мырзағараев 85 дауыс жинап, қарсыласынан айқын басым түсті.

Мади Мырзағараев – Батыс Қазақстан облыстық адвокаттар алқасының президиум мүшесі. Бұған дейін 2018–2022 жылдары, ол РКА президиумының құрамында болған. Сонымен қатар ШҚО аттестациялық комиссиясын және адвокаттар этикасы жөніндегі комиссияны басқарды.

Ол 1975 жылы Жамбыл облысында туған. 2003 жылдан бері Батыс Қазақстан адвокаттар алқасының мүшесі. Адвокаттық өтілі – 22 жылдан асады. Бұған дейін жеті жыл бойы прокуратура органдарында қызмет еткен. Мырзағараевтың кәсіби бағыты – қылмыстық, корпоративтік және инвестициялық құқық.

2022 жылы ол «Аманат» қоғамдық комиссиясының жұмысына қатысып, қаңтар оқиғаларынан кейінгі әлеуметтік шиеленісті төмендету процесіне атсалысты. Қызметінде «Кәсібилігі үшін», «Адвокатураға қосқан үлесі үшін» медальдарымен марапатталған. Сондай-ақ «Адвокатураға еңбек сіңірген қайраткер» атағы бар.

Аружан МӘУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ШАБУЫЛ ЖАСАҒАНДАРҒА ЖАЗА КҮШЕЙЕДІ

Соңғы кездері елімізде медицина қызметкерлеріне шабуыл жасайтындар көбейді. Оған мысалдар күнделікті өмірде кездесіп жатыр. Кей азаматтар жедел жәрдем көлігімен келген медқызметкерлерге дөрекілік жасап, аяқ киімін шешуге мәжбүрлесе, енді бірі жақынынан айырылған тұста оның қазасына дәрігерлерді кінәлап соққыға жығып жатады. Тіпті кейбірі жолға талас барысында жедел жәрдем көлігі жүргізушілерін жаралап, төбелес ұйымдастырады.



Соңғы жылдары қордаланған осындай мысалдардың барлығы медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігіне қатысты заңды күшейту керектігін көрсетті. Осы ретте, бұл мәселе енді алдағы күндері мәжілісте талқыға түседі. Депутаттар медицина қызметкерлеріне шабуыл жасағаны үшін жазаны қатаңдату туралы заң жобасын қарайды. Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Бюро отырысында осы мәселе нақтыланды.

Бірінші оқылымда медицина қызметкерлеріне физикалық зорлық-зомбылық пен қатыгездік көр-

сеткені үшін жазаны қатаңдату жөніндегі Президент тапсырмасын орындауға әзірленген депутаттардың түзетулері қаралады.

Қылмыстық кодекске медицина мамандары мен жедел жәрдем жүргізушілерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде олардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне қол сұққаны үшін жауапкершілік жүктейтін нормалар енгізіледі. Құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай айыппұл мен бас бостандығын шектеуден бастап бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылады.

Заң үстемдік құрмай тәртіп орнамайды. Рас, медицина қызметіне жаны қысылып, жарақатына сауға сұраған адам шағынады. Бірақ статистика соңғы уақыттары медицина қызметкерлеріне науқастың жақындары тарапынан қысым мен буллингтің, тіпті қол көтеру-дің көбейгенін көрсетті. Ендеше, ондай келеңсіздіктер де заң шеңберінде қаралып, қоғам тарапынан айыпталуы қажет. Медицина саласы құқықтық, заңдық шеңберде қамқорлық, қорғауға ие болуы тиіс. Қатаң тәртіп бар жерде қоғамдық мәдениет те үстемдік құрады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

КАССАЦИЯ

ӘДІЛ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ЖАСАЛҒАН МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кассациялық соттардың басты міндеті – төменгі сатыдағы соттардың шешімдерінің заңға сәйкестігін тексеру. Мұнда фактологиялық жағдайлар қайта бағаланбайды, негізгі назар – құқық нормаларының дұрыс қолданылуына аударылады.

Жұмыс келесі қағидаттар негізінде жүргізіледі:

1. Үш судьядан тұратын алқа Әрбір шағымды кәсіби деңгейі жоғары үш судья қарайды. Бұл шешім қабылдауда объективтілік пен тәуелсіздікті күшейтеді.

2. Ашық тыңдаулар

Көп жағдайда тараптар сот отырысына тікелей қатысады. Тыңдаулар онлайн режимде де өткізіле алады – бұл аймақтардағы азаматтар үшін қолжетімділікті арттырды.

3. Шағымдарды қарау мерзімі

Процессуалдық заңға сәйкес шағымдарды қарау мерзімі 6 айдан аспайды. Бұл сот төрелігін созбалаңға салмай, нақты уақыт режимінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

4. Цифрлық технологиялар

Сот процесінің барлық кезеңі цифрландырылған. Істер электронды түрде қабылданып, тараптар барлық құжаттармен онлайн таныса алады.

Кассациялық соттар құрылғалы бері Жоғарғы Сот тек ерекше санаттағы, құқықтық мәселелерді түбегейлі шешуге қажетті істерді қарайды. Бұл:

- сот тәжірибесінің бірізділігін;
- құқық қолданудың тұрақтылығын;

- нормативтік түсіндірмелердің сапасын айтарлықтай күшейтеді.

Жоғарғы Сотқа қайта шағымдану тек арнайы негіздер бойынша – прокурорлық протест немесе Жоғарғы Сот судьясының ұсынысы арқылы мүмкін болады.

Жаңа соттардың алғашқы айлардағы жұмысы азаматтардың кассациялық бақылауға деген жоғары сұранысын көрсетті. Істер дәлелді түрде қаралуда, сот актілеріндегі құқықтық қателіктерді түзету мүмкіндігі кеңейді.

Сонымен қатар кәсіби судьялар корпусы қалыптасты – жаңа соттарға түрлі саланың тәжірибелі мамандары тағайындалды. Бұл кассациялық соттардың беделін арттырып, құқықтық кеңістікте жаңа стандарттар орнатуда.

Кассациялық соттардың құрылуы – әділдікке негізделген құқықтық мемлекет қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Бұл реформа:

- сот төрелігінің қолжетімділігін арттырды;
- азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа мүмкіндіктерін ашты;
- сот жүйесінің ашықтығы мен тәуелсіздігін күшейтті.

Судья ретінде мен бұл өзгерісті еліміздің құқықтық мәдениетінің өсуіне, қоғамның сотқа деген сенімінің артуына бағытталған оң бастама деп есептеймін. Алдағы уақытта да сот жүйесін жетілдіру жалғасын табатынына сенім мол.

Айнагул УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының
төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

Барлық мемлекеттің көздегені заң үстемдігін орнату. Осы ретте әкімшілік әділет институтының маңызы зор. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен (ӘРПК) жария-құқықтық қатынастардан туындаған дау-дамайды шешудің оңтайлы тетіктері жан-жақты қарастырылған.

КОДЕКС ТЕНДІК ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН

Аталған кодекс нормаларына сай, азаматтар өздерінің нұқсан келтірілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінеді. Бірақ, дауды сотқа дейін реттеу тәртібі көзделген жағдайда, заңмен белігленген талап сақталуы тиіс. Бұдан әрі нақтыласақ, азамат сотқа бармай тұрып, құқығы мен бостандығына нұқсан келтірген әкімшілік актіге шағымын оны шығарған мекемеден жоғары тұратын органға береді. Тиісті орган мәселені шешпеген кезде ғана сотқа шағымдануға құқылы.

Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарда талап қою ақылға қонымды, алайда, талап қойылған күннен бастап үш ай ішінде қаралып, шешіледі. Әкімшілік процеске қатысушылардың сотқа келу міндеттілігі нақтыланған. Бұл ретте сот әкімшілік іске қатысушылардың сотқа келуі туралы өкім береді. ӘРПК-нің 129-бабына сәйкес, талап қоюшының мүмкіндігіне қарай дәлелдемелерді жинауға қатысқаны жөн.

Әкімшілік процесс қатысушылары жазбаша, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында соттың әкімшілік

істі олардың қатысуынсыз қарауды және сот актісінің көшірмесін жіберуді сұрай алады. Егер іске қатысатын адамдар тиісінше хабарландырылса, олардың келмеуі сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Ал сотқа қатысуы міндетті деп танылғандар келмесе, оларға осы кодекспен көзделген мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Әкімшілік істерде дәлелдемелер сот талқылауында тікелей зерттеліп, тараптар мен әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелері, куәлар мен сарапшылардың айғақтары тыңдалады, сондай-ақ, сот қажетті құжаттармен танысып, керекті әрекеттерді жасайды. Тағы бір айтып өтерлігі, жария-құқықтық дауларда дәлелдеу ауыртпалығын жауапкер көтереді. Бұл талап қоюшы азаматтар үшін үлкен жеңілдік. ӘРПК теңдік қағидатын қамтамасыз етуімен құнды.

Әкімшілік істерде соттардың сот шешімін шығаруымен қатар, оның орындалуын да қадағалауы халықтың сенімін арттыруда үлкен рольге ие. Сот актісін көрсетілген мерзімде орындамағандарға елу мен жүз айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады әрі бұл шара сот шешімі орындалғанға

дейін бірнеше мәрте қолданылуы мүмкін.

Сот тараптардың татуласуы үшін қажетті шараларды қабылдап, оларға дауды реттеуге көмектеседі. ӘРПК тараптардың өзара келісімге келуін, бір-бірімен татуласуын басты шарт ретінде қарастырған. Әкімшілік әділетте татуласу жауапкердің әкімшілік қалауымен жүзеге асырылады.



Жалпы алғанда, әкімшілік процесс мемлекеттік органға дәлелдеу ауыртпалығын жүктеу, азаматтардың құқықтарына қосымша процедуралық кепілдіктер жасау, соттың немесе істі қарайтын басқа әкімшілік әділет органының белсенді рөлі, заңмен көзделген тағы басқа нормаларымен ерекшеленеді.

Халыққа ӘРПК нормаларының ұдайы түсіндірілуі әкімшілік органдар қызметінің заң аясында атқарылып, әкімшілік рәсім талаптарының сақталуына, сонымен қатар, мемлекеттік органдармен қабылданған әкімшілік актілердің сапасына оң ықпал ететін тәжірибеде байқалуда. Мемлекет басшысы айтқандай, әкімшілік әділет «Халық үніне құлақ асатын» мемлекеттің тірегіне айналуы тиіс.

Лаура БЕЛГІБАЕВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

РУХАНИЯТ

«МЕНІҢ АТЫМ – ҚОЖА» САХНАЛАНДЫ

Алматыдағы Мемлекеттік қуыршақ театры Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасын көрермен назарына ұсынды. Ол қазақ балалар әдебиетінің алтын қорынан орын алған туындыны заманауи сахна өнері арқылы насихаттаудың бірегей үлгісі болды.



«Бұл елдің болашағы жастарда ғой. Адамның ой-өрісі балалық шақта қалыптасады. Мәдениеттің өзегін қалыптастыруда дәл қуыршақ театрының жұмысы өте маңызды. Бұл ел мәдениетінде үлкен орны бар тоқсан жылдық тарихы бар қарашаңырақ. «Менің атым Қожаны» естімеген қазақ жоқ. Біз бәріміз Бердібек Соқпақбаевтың туындылары арқылы өстік. Былтыр қаламгердің 100 жылдық мерейтойы кезінде «Менің атым Қожаны» Парижде көрсеттік. Кан кинофестивалінде серпіліс жасаған «Менің атым Қожа» фильмінің 50 жылдан кейін театрда жаңа серпіліс алуымен баршаңызды құттықтаймын», – дейді Алматы қаласының мәдениет басқармасының басшысы Данияр Алиев.

Мемлекеттік қуыршақ театрының директоры Алмат Амангелдінің айтуынша, Бердібек Соқпақбаевтың шығармасын қуыршақ театры сахнасына шығару – үлкен жауапкершілік. Бұл туынды әр буынның жүрегіне жол тапқан. Енді сол рухани мұраны қуыршақ өнері арқылы жаңғыртып, жас көрерменге жеткізу – өнер ордасының мақсатына айналды. Бұл премьерادا көрермен Қожаның балалық әлеміне еніп, оның ой-санасының қалыптасу жолына кұз болады. Қойылым тек балаларға ғана емес, ата-аналар үшін

де әсерлі. Өйткені онда ересектер өз балалық шағын, алғаш жасаған қателіктер мен арман-қиялдарын Қожаның бейнесінен қайта табады. Бұл мақсатта шығармашылық жұмының әрбір мүшесі өз кәсібі тұрғысынан алдына мақсат қойған. Мәселен, қойылым режиссері Еркебұлан Қабдыл өз еңбегінде шығарманың басты идеясы балалықтың шынайы әлемін, өжеттігі мен аңғал тазалығын сақтай отырып, қазіргі заман баласына түсінікті әрі тартымды түрде жеткізуді көздеген. Инсценировка авторы Дамир Амантай көрерменге әдебиет пен театрдың түйіскен тұсында жаңа көркемдік шешім ұсынады. Қойылымның бейнелік әлемін қалыптастырған суретші Юлия Чернова балаларға таныс ауыл тіршілігін, мектеп өмірін және Қожаның еркін мінезін бейнелейтін сахналық кеңістік пен қуыршақ кейіпкерлерді көркем шешіммен ұсынды. Музыкалық әрлеуді орындаған композитор Нұрсұлтан Төрәалидің әуендері оқиға желісін сезіммен өріп, Қожаның көңіл күйін әуез арқылы жеткізеді. Ал қойылымның би қимылдарын балетмейстер Ринат Библибаев сахна ырғағына үйлестіріп, көріністерге серпін мен ойындық сипат берді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ

Алматыдағы «Атакент» іскерлік орталығындағы «Бақшасарайда» Еуразия елдерінің мәдени, тарихи, қолөнер және туристік әлеуетін біріктіруге арналған «Ұлы Жібек Жолының жаңғыруы» атты халықаралық көрме өтіп жатыр. Онда қатысушылар мен қонақтар Ұлы Жібек Жолының атмосферасын сезініп, әрбір елдің ұлттық дәстүрлерін, қолөнерін, асханасын және туризм мен мәдениеттегі заманауи жетістіктерін өз көзімен көруіне жағдай жасалған.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН

«Бұл бастама мемлекет басшыларының жиындарында ғана емес іскерлік ортаның түрлі деңгейдегі басқосуларында да ұзақ жылдар бойы талқыланып, бұл бағытта түрлі бағдарлама, жобалар жасалған болатын. Енді оған қоғамдық ұйымдар да атсалыса бастады. Ерікті түрде жаңа форматта өтетін бұл шара биыл Қазақстаннан басталып отыр. Алдағы уақытта ол Ұлы Жібек жолы бойындағы барлық елде өз жалғасын таппақ. Оны көрменің ашылу рәсіміне қа-



тысқан халықаралық және шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің өкілдері де растап отыр», – дейді Қазақстанның туризм индустриясы ұлттық қауымдастығының президенті Раушан Шәмілқызы. Оның айтуынша, қауымдастық бұл шараны «Халал» Еуразиялық стандарттау және сертификаттар орталығымен бірлесіп ұйымдастырып отыр.

Делегация өкілдері көрмеден

бір күн бұрын Алматы облысындағы әйгілі «Nomad» этно-ауылында көшпелі халықтардың өмірі мен тұрмысымен танысып, ұлттық дәстүрлері мен қолөнерімен танысты. Сондай сақ дәуірінен қазақ хандығына дейінгі әскери киімдер мен қару-жарақтарды өз көздерімен көріп, ат үстіндегі ұрыс қимылдарынан көрсетілімдерді тамашалап, садақ атып, өздері ұнатқан жауынгерлік сауыттарды киіп көріп көне дәуірге саяхат жасады.

халықтарының дәстүрлі әуендері мен аспаптық ансамбльдерінің концерттік бағдарламалары қойылып, өнерпаздар шоу-бағдарламарын, дизайнерлер «Ұлы Жібек жолы сән әлемі» дефиле-бағдарламаларын көрсетті. Сала өкілдері әріптестерімен ынтымақтастық

мүмкіндіктерін талқылап, іскерлік байланыстарды нығайту бойынша түрлі кездесулер ұйымдастырды. Ұлы Жібек Жолы – жалпы ұзындығы 7 мың шақырымнан асатын Еуразия құрлығындағы сауда, керуен жолдарының жалпы атауы. Оның бұлай аталуына батыста жоғары бағалатын қытай жібегінің негізгі экспорттық тауарды құрауы түрткі болған. Ол біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдан XVI ғасырға дейін күллі Азия елдерін бір-бірімен байланыстырды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Ұлы Жібек Жолы – Сианнан Ланчжоу арқылы Дунхуанға апарып, онда екі торапқа бөлінген. Солтүстік жолы Турфан, Қашқар, Самарқан, Мервті, Ферғана алқабын, оңтүстік жолы Хотан, Жаркент, Балх және Мервті басып өтіп, Памирдің тау жоталары арқылы Үндістанға, сондай-ақ Таяу Шығысқа апарды. Ұлы Жібек Жолы арқылы сауда-дипломатиялық байланыс I-II ғасырларда барынша қатты дамыды. III-VI ғасырларда ол көбіне «қажылар жолы» ретінде пайдаланылып, будда монахтары Қытайдан – Үндістанға, Үндістаннан – Қытайға сапар шекті. VII-X ғасырларда оның халықаралық маңызы артып, Қытай Византиямен және арабтармен байланыс орнатты. XV ғасырда теңіз жолының ашылуына байланысты Қытай үшін Жібек Жолының маңызы азайғанымен, Орталық Азиядағы өзге елдердің дамуында үлкен рөл атқарды. Сондықтан XXI ғасырда өз тәуелсіздігін жариялаған Орталық Азия елдері үшін қазір оның маңызы қайта көтерілуде.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРТАҚ ІС

Алматыда өткен VI Халықаралық түркітілдес журналистер медиа форумы түркі әлемінің ақпараттық интеграциясын жаңа деңгейге көтерген маңызды алаң болды. Форумда Түркия, Қазақстан, Өзбекстан және басқа да елдердің медиа және коммуникация саласындағы жетекші сарапшылары бас қосып, PR-дың экономикалық ынтымақтастықтағы рөлін, дағдарыс кезеңіндегі коммуникация стратегияларын, медиабизнестің жаңа қаржылық моделін және жасанды интеллекттің медиаэкожүйедегі орны мен қауіптерін талқылады.

Спикерлердің пікірінше, коммуникация мемлекеттер арасындағы сенімнің, экономикалық байланыстардың және қоғамның ақпараттық тұрақтылығының негізгі тірегі болып отыр. Сондықтан бұл жолғы форум түркі әлемі медиасының даму бағытын айқындап, ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыруға серпін берген кәсіби әрі мазмұнды іс-шара ретінде бағаланды.

Еске сала кетсек, Алматыда 18-19 қараша күндері Түркітілдес журналистер қоры ұйымдастырған «Түркі әлемінің медиа кеңістігі: жаңа дәуірдегі міндеттер мен мүмкіндіктер» атты VI Халықаралық түркітілдес журналистер медиа форумы өткен болатын. Екі күнге созылған ауқымды іс-шараға Қазақстан мен Орталық Азиядан, Түркия мен Еуропа елдерінен келген бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, танымал журналистер, халық қалаулылары, медиа саласындағы үкіметтік емес ұйым жетекшілері, қоғам қайраткерлері, PR менеджерлер, баспасөз хатшылары, сондай-ақ журналистика факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты. Түркі әлемін ортақ ақпараттық кеңістік аясында жақындастыру, кәсіби ынтымақтастықты арттыру, медианың жаңа технологиялық кезеңіндегі мүмкіндіктерді бірлесе пайдалану форум жұмысының негізгі өзегіне айналды.

Алғашқы күні өткен пікірталас алаңдарында «Медиа және мәдени бірегейлік: БАҚ арқылы түркі әлемінің байланысын нығайту», «Түркі елдері арасындағы цифрлық көпір: PR-дағы жаңа технологиялар, платформалар және құралдар», «Медиабизнестегі тұрақтылық пен инновациялар: болашақтың моделі», «Жаңа дәуір шындығы: БАҚ-тағы жасанды интеллект» сияқты

тақырыптар жан-жақты талқыланды. Түркі мемлекеттері арасындағы ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жолдары, күллі түркі халықтарына ортақ мәдени мұраны танымал ету, әлемдік аренада түркі елдерінің имиджін нығайтатын PR стратегияларын үйлестіру, медиабизнесті әртараптандыру, ақпаратты кіріс көзіне айналдыру, контентті өндіру мен өңдеу процесінде жасанды интеллектті қолдану мүмкіндіктері де спикерлер назарынан тыс қалмады.

Форумның алғысөзін арнап, жиынды ашқан Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы бұл басқосудың маңызын атап өтіп, оның түпкі мақсаты түркітілдес журналистердің кәсіби шеберлігін арттыру екенін жеткізді. Оның айтуынша, кешегі кеңестік жүйенің жетпіс жылдан астам үстемдігі салдарынан бүгінгі күні түркі мемлекеттері бірін-бірі толық тани бермейді. «Тілдік және мәдени жақындастық әлсіреп, алфавиттер әртүрлі бағытта дамыды. Соның салдарынан өзара ақпараттық байланыс алшақтай түсті. Біздің қор осы олқылықтың орнын толтыруды мақсат етіп отыр. Қазақ журналистерін біріктіріп, ортақ жобалар арқылы ақпараттық ықпалдастықты күшейту басты міндетіміз», деп атап өтті ол. Қор басшысының айтуынша, биыл Брюссельде өткен бесінші медиа форум кезінде Қазақстан, Бельгия және Нидерланд мамандарының бастамасымен Дүниежүзілік Түркі медиа ассоциациясы құрылған. Нәзия Жоямергенқызы әріптестердің қолдауымен осы ұйымның президенті болып сайланғанын айтты. «Бүгінгі форум аясында Германияның ұйымға қосылуы жоспарланып отыр.

ТҮРКІ ӘЛЕМІН ТОҒЫСТЫРҒАН ҮН



Ал Әзербайжан мен Қырғызстан да мүше болуға қызығушылық танытып отыр. Біздің ең басты мақсатымыз сол, түбі бір түркі халықтарының ортақ құндылықтарын насихаттай отырып, ортақ ақпараттық алаң қалыптастыру, бір-бірімізді жақынан тануға жағдай жасау», деді ол. Ол сөзінде келесі жылы Брюссельде жетінші форум өткізу ұсынылғанын, сондай-ақ Нидерландта сегізінші форум ұйымдастыру мүмкіндігі қарастырылып жатқанын айтты. Мұның барлығы қазақ журналистерінің мәртебесі мен кәсібилігін арттыруға оң ықпал ететінін жеткізді. Сонымен

қатар ол алдағы уақытта ортақ деректі фильмдер түсіру, кәсіби біліктілікті шыңдауға арналған байқауларды бүкіл түркі елдерін қамтитын деңгейге көтеру, бірлескен ақпараттық жобалар әзірлеу жоспарланып отырғанын тілге тиек етті. «Түркітілдес журналистер қоры тоғыз жылдан бері «Еркін сөз» байқауын, сондай-ақ Халық банкі және Chevron компаниясымен бірлескен «Әлеумет – қоғам айнасы» байқауын өткізіп келеді. Ендігі мақсат – бұл бастамаларды халықаралық деңгейге шығару», деді Жоямергенқызы.

Медиа форумға қатысып, өз

лебізін білдірген Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті Баспа, БАҚ жүйесіне ақпараттық жұмыс басқармасының басшысы Қуаныш Игіман да іс-шараның стратегиялық маңызын атап өтті. Оның айтуынша, тарихы, мәдениеті және тілі жақын халықтардың ортақ медиа кеңістігін дамыту тек кәсіби міндет ғана емес, рухани әрі геосаяси тұрғыдан маңызды қадам. «Бұл форум ортақ идеяларымызды тоғыстырып, тәжірибе алмасуға жол ашатын маңызды алаңға айналары анық. Түркі мемлекеттері арасындағы ақпараттық ынтымақтастықты тереңдету – игілікті бастама. Бірлескен контент өндіру, өзара түсіністікті күшейту, ортақ құндылықтарды дәріптеу бәріміз үшін маңызды. Цифрлық дәуір жаңа мүмкіндіктермен бірге жаңа қауіптерді де алып келді. Ақпарат легінің шамадан тыс артуы, цифрлық платформалардың басымдығы, гибридік ақпараттық қауіптердің күшеюі бізді жаңа әдістерді қолдануға міндеттейді. Осы тұрғыда жасанды интеллекттің рөлі орасан. Жасанды интеллект журналистиканың форматын өзгертіп, редакциялардың жұмысын жеңілдетіп жатыр», – деді Қуаныш Игіман. Ол сөзінің соңында – ортақ тарихымыз бен құндылықтарымызды насихаттайтын ашық, сенімді, қуатты ақпараттық кеңістік қалыптастыру әрбіріміз үшін ортақ міндет екенін ерекше айтып өтті.

Ал Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Шерехан Дастан форумның қаланың қоғамдық өміріндегі маңызын атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Оның айтуынша, халықаралық деңгейдегі мұндай іс-шара медиа саласы өкілдерінің тәжірибе алмасып, пікір бөлісуіне ақпарат кеңістігін дамытуға жаңа серпін береді. «Осындай маңызды шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып отырған Нәзия Жоямергенқызына алғысымызды білдіреміз. Түркітілдес мемлекеттер арасында мәдениет пен өнер салаларында ынтымақтастық бұрыннан бар. Ал енді ақпараттық салада осындай форум өткізілуі үлкен жетістік», деді ол.

Жадыра МҮСІЛІМ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ҚЫЗМЕТІ

ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ МАҚСАТ

Астана қаласы ТЖД өкілдері тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Олардың айтуынша, алдын алу шаралары – өрт оқиғалары кезінде угардан, газдан улануды болдырмаудың тиімді сақтану жолы. Жылыту кезінде электр жылыту құрылғыларын белсенді қолдана басталғаннан бері Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының қызметкерлері өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін профилактикалық шараларды қарқынды жүргізуде. Бұл кезеңде тұрғындардың пештер мен жылу қондырғыларын пайдалануы салдарынан өрт туындау қаупі айтарлықтай арта түсетіні белгілі. Сол себепті науқанды жұмыстың маңызы жоғары.



Айтайық, бас қалада 15 тамыздан бастап 13 мыңнан астам үйде оның иелеріне профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Тексеру барысында 8 900-ге жуық бұзушылық анықталған, олардың едәуір бөлігі жылыту жүйелері мен электр желілеріне қатысты. Кеткен кемшіліктердің 670-і сол жерде жойылған.

Әсіресе әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға бақылау күшейтілді. Өрт пен көміртегі тотығымен уланудың алдын алу мақсатында әлеуметтік осал топтарға ерекше назар аударылуда. Аудандық әкімдіктер

мен бірлесіп, жергілікті бюджет есебінен 331 улы газ датчигі орнатылды. Бұған қоса, бұрын датчиктері орнатылған отбасыларда мамандар сыртқы тексеру жүргізіп, құрылғылардың батареяларын ауыстырды. Сонымен қатар, әлеуметтік әлжуаз санаттағы азаматтарға тұрмыстық көмек көрсетілуде. Департамент пен аудандық әкімдіктер 25 отбасының пештерін жылыту маусымына дайындап берді. Ал ХӨӨТ санатындағы 18 үйде электр сымдары ауыстырылып, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал ел бойынша әкімдіктер мен еріктілердің қатысуымен тұрғын үйлерге газдың қауіпті концентрациясы мен жану өнімдерін анықтайтын датчиктер орнату жалғасуда. Биылдың өзінде 29 мыңнан астам датчик орнатылған. Айталық, министрлік деректеріне сәйкес, елімізде әлеуметтік осал топтағы азаматтарға тиесілі 108 мыңнан астам тұрғын

үй бар. Сонымен қатар 225 мыңнан астам көпбалалы отбасы жылу және электр жүйелерін жөндеуге көмек алады. Рейдтер барысында 72 мыңнан астам үйде өрт қауіпсіздігі шаралары күшейтілді.

Мұндағы басты мақсат – тұрғын үйлердегі өрт санын

азайту және адам өлімін болдырмау. Осыған орай республика көлемінде аулаларды аралау, түсіндіру жұмыстары, рейдтер мен нұсқамалар тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Мамандар азаматтарға пештерді, жылу жүйелерін және электр құралдарын қауіпсіз пайдалану ережелерін үнемі еске салып келеді.

Ерекше назар жалғызбасты қарт адамдарға, мүгедектерге, көпбалалы отбасыларға бөлінеді. Сондай сәттің куәгері болдық. Айталық, Астана қаласында кезекті аулалық рейд өтті. Кездесу барысында ТЖМ қызметкерлері пештер мен мұржалардың жай-күйін тексерді. Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жағдайлар анықталған кезде үй иелеріне оларды жою бойынша нақты ұсыныстар берді.

ТЖМ Өртке қарсы қызмет комитеті төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы Руслан Қайрақбаев жыл сайын өрт қаупінің жоғарылайтынын атап өтті: «Пештер мен электр құрылғыларын белсенді пайдалану өрттің ықтималдығын арттырады. Біз азаматтарға жылыту жабдықтарын қауіпсіз пайдалану туралы үнемі еске саламыз. Жазатайым оқиғалардың алдын алудың негізгі әдісі, барлық тұрғындарды қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырамыз», – деді ол.

Қош, апаттың айтып келмейтіні белгілі. Солай дегенмен, «сақтансаң, сақтаймын», – дейтін тәсіл тағы бар. Сол үшін қауіпсіздікті қаперден қалыс қалдырмаған ләзім!

Шернияз
ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ПӘРМЕН

«Заң мен Тәртіп» идеологиясын жүзеге асыру аясында Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров аймақтың инвесторларымен кездесті.

БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ ИНВЕСТИЦИЯЛАР КЕПІЛІ

Қадағалау органының басшысы «Кәсіпкерлер мен коммерциялық ұйымдар үшін заңдылық идеологиясы заңға бағыну табысты бизнес пен инвестициялардың кепілі екендігіне баса назар аудару арқылы ілгерілейтін болады» деп атап өтті.

Кездесу барысында өзекті мәселелер талқыланып, оларды шешу жолдары белгіленді.

Жалпы, Қызылорда облысының прокуратурасы бұл бағытта оң нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен, ағымдағы жылы 46 инвестициялық кейс шешілді (35 инвестор, инвестиция көлемі – 743 млн теңге).

Жүктемесі төмен 4 кәсіпорынның қызметі қайта жандандырылды.

Айта кету керек, қадағалау актілері бойынша 3187 кәсіпкердің құқықтары қорғалды (олардың пайдасына 1,9 млрд теңгеден астам қаражат өндірілді).

Тәртіптік жауаптылыққа 45 адам тартылды (оның ішінде 15-і облыстық және аудандық деңгейдегі басшылар).

Кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны (1-үі ӘҚБтК-нің 173-бабы) және кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жүргізу тәртібін бұзғаны үшін (3-үі ӘҚБтК-нің 175-бабы) 4 тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Сонымен қатар, 590 кәсіпкердің қызметіне заңсыз тексерулер жүргізуге жол берілмеді. Оның ішінде СЭС органдары 190 кәсіпкерлік субъектісіне қатысты.

21 материалға келісуден бас тартылды (тексерулер тағайындау бойынша – 9, әкімшілік іс жүргізуді қозғау – 11, талап қою арыз – 1).

Бұл саладағы қадағалау облыс прокуратурасының ерекше бақылауында.

Қызылорда облысы прокуратурасының
баспасөз қызметі

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСЫ

Еңбек даулары – жұмыс беруші мен қызметкер арасында еңбек шартын орындау, еңбекақы төлеу, демалыс беру, жұмыс тәртібі және басқа да еңбек құқықтарына қатысты туындайтын келіспеушіліктер. Мұндай дауларды тиімді әрі әділ шешу – еңбек қатынастарының тұрақтылығын сақтаудың маңызды шарты.

КЕЛІССӨЗ – ДАУДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ

Ең алдымен еңбек дауы туындаған жағдайда тараптар мәселені келіссөздер арқылы шешуге тырысқаны жөн. Көп жағдайда ашық әңгіме, түсіндіру жұмыстары және жұмыс орнының ішкі тәртібін нақтылау дауды сотқа жеткізбей-ақ аяқтауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс уақытты да, шығынды да азайтады.

Егер келіссөз нәтиже бермесе, қызметкер немесе жұмыс беруші еңбек дауын келісу комиссиясына не еңбек инспекциясына жүгіну арқылы шеше алады. Мемлекеттік еңбек инспекторлары заң талаптарының сақталуын тексеріп, тараптарға түсіндіру жасап, қажет болған жағдайда әкімшілік шара қолданады.

Даудың шешілмеген түрлері сот арқылы қаралады. Сот еңбек шартының бұзылуы, негізсіз жұмыстан шығару, еңбекақыны кешіктіру, моральдық шығынды өтеу сияқты мәселелер бойынша әділ шешім қабылдайды. Сотқа жүгіну – заңды әрі түпкілікті шешім шығарудың ең сенімді жолы. Еңбек дауларын болдырмау үшін еңбек шартын заңға сәйкес толық рәсімдеу, қызметкерлердің құқықтары туралы ақпараттандыру, еңбекақыны уақытылы төлеу, ішкі еңбек тәртібін нақты бекіту, жұмыс орнында қауіпсіздік ережелерін сақтау болып табылады.

Ал алдын алу шаралары еңбек қатынастарының тұрақтылығын арттырады.

Соңғы жылдары еңбек дауларына қатысты сотқа жүгіну үрдісі айтарлықтай жеңілдеді. Оның негізгі себебі «Сот кабинеті» электрондық сервистерінің кеңеюі. Бұл жүйе арқылы талап арызды онлайн жіберу, істің барысын бақылау, сот актілерін электронды түрде алу, құжаттарды қашықтықтан тіркеу мүмкіндігі пайда болды. Бұл әсіресе еңбек дауы бойынша жұмыстан босап қалған адамдар үшін қолайлы.

Тағы бір жаңашылдық сот отырыстарының бейнебайланыс арқылы өтуі. Бұл әсіресе басқа өңірлерде жүрген қызметкерлерге, жұмыстан уақытша босай алмайтын адамға, денсаулық жағдайы шектеулі адамдарға тиімді.

Қорыта келе, еңбек дауларын шешудің басты қағидаты – заңдылықты сақтау, екі тараптың да құқығын қорғау және құрметке негізделген қатынасы. Уақытылы жүгінген жағдайда кез келген еңбек дауы заң аясында тиімді шешімін таба алады.

А.БЕКМУРЗИНА,
Шалқар аудандық сотының
бас маманы, сот отырысы
хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕРЕЙ

АЛТЫН ТҰҒЫР

Заңнама талабы бойынша сотқа талап арыз қай тілде берілсе сол тілде қаралуы міндет. Жүз пайыз қазақтар тұрса да кей кездері сотқа арыз ресми тілде берілетіні жасырын емес.



Заңға сәйкес тіркелген соң, тараптар құқығын бұзбау үшін аудармашы қызметі пайдаланылады. Бұл бір. Екіншіден, әр істің кәсіби тұрғыда қаралуы, әділ шешім шығаруға негіз болады. Бұл ретте аудандық сот судья-

лары азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерде әділ төрелікке иек артады, заң үстемдігін алдыңғы орынға шығарады.

Негізі аудандық соттар көпсалалы болып саналатындықтан жеке адамдар арасындағы дау-дамайлар кедергісіз қарала береді. Қандай да бір талап арыз сот ғимаратындағы тіркеу бөліміне қолма-қол тапсырылып немесе «сот кабинеті» арқылы түсіп, тіркелгеннен кейін сот базасындағы компьютерлік анықтаумен кезекті судьяға жіберіледі. Міне, сол кезде судьялар әлеуеті зор әрі мемлекеттік тілді жетік меңгергендігін көрсетеді. Сот процесі онлайн және офлайн түрлерінде жүргізіледі. Бұл судьялардың уақыт талабына толыққанды жауап бере алатынын да аңғартады.

Бір ұжымда қызмет істеген соң әріптестеріміздің іс қағаздарын, тіпті тараптарға жіберілетін хабарламалар мәтіндерімен танысып, оқитын да сәттер болады. Сонда сауаттылықтарына әрі заңнама талабының бұлжытпай дәлме-дәл жазылатынына тәнті боласыз. Заң баптарын, тармақтарын жазуда бізде қателесу, шатасу мүлде болған емес. Тараптар сөздерін, пікір, ұсыныстарын, тіпті судья нұсқауымен сот актісіне кіргізілетіндерін де бүге-шүгесіне дейін қатесіз жазып, судья оқылымына ұсынуға қалыптасқанбыз. Бұл функционалдық міндетіміз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің бай қорын пайдалана білу арқылы қызметімізді мінсіз атқарып келеміз.

Қарлығаш САФИЛУЛИНА,
Алакөл аудандық сотының
сот отырысы хатшысы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

БӘРЕКЕЛДІ!

ҚҰСШЫ АТА АУЫЛЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨПКЕ ҮЛГІ

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Азаматтардың салауатты өмір салтын ұстануы – дені сау ұлтты қалыптастырудың негізгі шарты» атты бастамасында ішімдіксіз қоғам құру арқылы дені сау, қауіпсіз және бақытты, салауатты ел боламыз» деген еді. Осы бастаманы қолға алып ішімдіктен бастартып жатқан ауылдар қатары елімізде көбейіп келеді. Осындай ауылдың бірі Кентау қаласына қарасты Қарнақ ауылының Құсшы ата елді мекені.

Бұл ауыл Ұлы Жібек Жолының бойында жатқан еліміздің рухани, мәдени және туристік тірегі. Түркі әлеміндегі қасиетті әрі киелі жерлердің басым бөлігі Түркістан облысында орналасқан. Солардың бірі Құсшы ата.

Ол – Қожа Ахмет Яссауидің он екі шәкіртінің бірі, сайыскер, құс салатын сегіз қырлы бір сырлы жан болған екен. Сонымен қатар Құсшы ата ислам дінін жергілікті тұрғындар арасында таратуға үлкен үлес қосқан. Кентау мен Түркістан арасындағы жол бойында орналасқан Құсшы ата мазарын сол жердегі тұрғындар күтімге алған. Құсшы ата ауылы осы кезге дейін алты ауылдың қарамағына қарасты болған.

Қожа Ахмет Яссауи дүниеден өтер шағында шәкіртіне Түркістанның шығысындағы жеті бұлақ қатар аққан осы нұрлы өңірді мекен етіп, кәсібін жалғастырып, ілімін таратуды аманат еткен деседі. Содан ел Әзірет Сұлтанның шәкіртің құрметтеп «Құсшы ата» деп атаған екен. Сопылық жолды берік ұстаған Құсшы ата дүниеден өткен соң, ел оны әулие тұтып сиыңған. Күні бүгін де ауыл маңындағы бұлақты ел-жұрт «Құсшы ата бұлағы» деп атайды.

Жалпы, Құсшы ата елді мекені тұрғындарының басым бөлігі егін шаруашылығымен айналысады. Аталған мекеннің жері құнарлы болғандықтан егін де мол әрі берекелі береді екен. Кентау қаласының тұрғындарын көкөніспен қамтамасыз етіп отырған Қарнақ ауылына қарасты Құсшы ата ауылы.

Аталмыш елді мекен Түркістан мен Кентаудың ортасында көпір болып қалыптасқан аймақ ретінде қаламен бірге дамып келеді. Сонымен қатар Құсшы ата елді мекені ішімдіктен бас тартқан ауылдың қатарына енді.

Киелі ауыл ақсақалдары мен мешіт қауымы он жыл бұрын ауыл-



да орналасқан 4 дүкен мен бір асханаға барып түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, ащы судың адамға зияндығын айтып, оны сатудың өзі үлкен күнә екенін түсіндірген.

– Біздің ауыл ащы суға әуес болудан бас тартқанына он жыл болды. Аллаға шүкір арақсыз ауыл атанғалы бері ауылымызда мас болып көшеде жүріп, тұрғындардың мазасын алатын адамдардың болмағанына қуанамыз. Осыдан 12-13 жыл бұрын әрбір дүкенге кіріп, дүкен иелеріне уағыз бен насихат жүргізіп, адамшылықтан айыратын, денсаулыққа зиянды заттарды сатудың харам екендігін түсіндірдік. Міне, сол кезден бастап арақ, насыйбай және тағы да басқа зиянды заттар біздің ауылдың дүкендерінің сөрелерінен алып тасталынды. «Адамды үш нәрсе бүлдіреді: арақ, ақша, атақ» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, болашағымыз үшін кесел саналатын арақтан бас тартсақ, ұрпағымызды үлкен қатерден сақтап қала аламыз. Арақтан алыс жүрген адамның отбасы тыныш, ырысы халал, ұрпағы аман, ақылы толық, иманы берік болары хақ, – деді Құсшы ата елді мекеніндегі Қожа Абдулвахид ата мешітінің имамы Хамидулла Хабибуллаұлы.

Құсшы ата ауылында өтетін той-жыындар дастарқанында ащы су қойылмайды екен. Мешітте азан шақырылып, намаз уақыты болған кезде тойдағы музыка басылып, азан айтылып біткенін күтіп отыратын көрінеді. Әрине, бұл ауыл ақсақалдары мен мешіт қауымының жастарға берген үлкен үлгісі екені анық.

– Дастарқан төрінен табылатын ішімдіктің салдары қаншама шаңырақтың шайқалып, отбасының ойран болуына себеп болатындығын бәріміз жақсы білеміз. Ақсақалдар

алқасы мен мешіт қауымы ақылдаса келе ауыл жастарына үгіт-насихат жүргізіп ащы судың зиянын түсіндірдік. Дүкендерде сатылмаған арақты өзге жерден сатып алып келмейді. Әрбір үйдің үлкені өзінің балаларына ащы судың зиянын айтып отырса, бала да зиянды әрекеттен аулақ болады. Ел болашағының жарқын бейнесі біздің ұрпағымыз, жастар екені анық. Осы жастарымызды жақсы қасиетке тәрбиелеу біздің парызымыз. Жастарымыз ақсақалдар мен үлкендерге қарап бой түзейді,– деді Ардагерлер ұйымының пленум мүшесі Сайдұлла Ахметов.

– Мен қызмет атқарып жүрген уақыттан бері бұл елді мекенде бірде-бір қылмыс тіркелмеген. Отбасы-тұрмыстық салада, қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар мүлдем жоқ десем де болады. Ауыл тұрғындары мал өсірумен және диқаншылықпен айналысады. Сондықтан малды бос, қараусыз жіберу мәселесі анда-санда орын алады. Жақында ауыл тұрғындарының жиналысында бұл мәселені де шештік. Жыл басынан бері мұндай бір де бір дерек тіркелмеді,– дейді учаскелік инспектор Әубәкір Біржан.

– Біздің ауылымыз аты айтып тұрғандай өте киелі ауыл. Ауыл тұрғындары да тәрбиелі, иман-жүзді. Бұрындары ащы суды саттық. Одан пайдаға кенеліп, байып кеткен адамды көрмедім. Ақсақалдар мен мешіт қауымы арақтың зияны мен оны сатудың күнәсі жайында түсіндіріп айтқаннан кейін, ащы суды саудаға салуды бірден тоқтаттық. Ауыл тұрғындары да арақты тұтынбайды,– деді сатушы Жамила апай.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ

БАСҚОСУ

Астанада «QazMed Volunteers – медициналық волонтерлік ел игілігі үшін» республикалық форумы өтті. Оған жастар ұйымдарының өкілдері, медициналық волонтерлер және еліміздің барлық аймақтарынан келген сарапшылар қатысты. Іс-шара ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен және «Медициналық жастар» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ұйымдастырылды.

«QAZMED VOLUNTEERS – МЕДИЦИНАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІК ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН»



Форум аясында алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша шеберлік сабақтары, қан донорлығын насихаттау акциялары, жастарға арналған дәрістер, пікірталас алаңдары, сондай-ақ волонтерлік жобалардың көрмесі өтті.

Өңірлік үйлестірушілер қатысқан пленарлық отырыста волонтерлік саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Қатысушыларға «Мен – медик-волонтер», «Project manager деген кім?», «Медицинадағы медиа» тақырыптарында шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Медициналық волонтерлікті жүйелі дамыту үшін QazMed Digital онлайн-платформасы іске қосылды. Онда 10 оқу модулі қолжетімді, 2 500-ден астам волонтер тіркелген, шамамен 1 200 жас қатысушы онлайн-оқытудан өтіп, сертификат алды. Сонымен қатар 10 подкаст әзірленіп, әлеуметтік желілерде 50-ден астам бейнеролик және 150-ден астам ақпараттық материал жарияланды. Сонымен қатар, Астана, Алматы, Шымкент, Семей және Қарағанды қалаларында өңірлік фронт-кеңселер ашылды, бірыңғай

корпоративтік стиль мен арнайы волонтерлік киім әзірленді.

Бастамаларды қолдау үшін жалпы сомасы 10 миллион теңге болатын шағын гранттар байқауы өткізілді. Келіп түскен 49 өтінімнің ішінен 10 жеңімпаз анықталды. Жобалар әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету, салауатты өмір салтын насихаттау, донорлықты дамыту, алғашқы және психологиялық көмек көрсету бағыттары бойынша іске асты. Нәтижесінде 2 мыңнан астам адам қамтылып, 10 мыңнан астам адам ақпарат алды.

Бұдан бөлек, 2025 жылдың 29 қыркүйегі мен 12 қазаны аралығында республикалық деңгейде QazMedFest апталығы өтті. Апталық аясында волонтерлікті насихаттау бойынша түрлі креативті іс-шаралар ұйымдастырылды. Жоба қорытындысы бойынша өңірлік кеңселердің жұмыс нәтижесі мен шағын гранттар аясында жүзеге асырылған үздік бастамалар енген «Медициналық волонтерліктің үздік тәжірибелері» атты жинақ жарық көрді.

ҚР Мәдениет және
ақпарат министрлігінің
баспасөз қызметі

БІЛГЕН ЖӨН

ТЕКСЕРІС

Экстерриториялық соттылық – аумақтық соттылықтың жалпы ережелері қолдануға келмейтін немесе қиындық туындайтын жағдайларда азаматтық істі қарауға уәкілетті сотты айқындайтын ерекше тетік. ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінде бұл институт азаматтардың құқықтарын қорғауды және сотқа қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫ
МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА

Экстерриториялық соттылыққа қатысты негізгі нормалар АІЖК-нің талап қоюшының таңдауы бойынша соттылық, баламалы соттылық және тараптардың орналасқан жеріне қарамастан істі қарау мүмкіндігі көрсетілген баптарында қамтылған.

Экстерриториялық соттылық қолданылатын жағдайлар:

1. Жауапкердің Қазақстанда тұрғылықты жері болмаған кезде; (бұл жағдайда талап арыз жауапкердің мүлкі орналасқан жер бойынша немесе соңғы белгілі мекенжайы бойынша берілуі мүмкін)
2. Қазақстаннан тыс тұратын Қазақстан азаматтарының құқықтарын қорғау қажеттілігі туған жағдайда; (мұндай азаматтар өз құқықтарын

қорғау үшін Қазақстан соттарына жүгіне алады)

3. Тұтынушылардың, жұмыскерлердің, алимент талап етушілердің құқықтарын қорғау; (талап қоюшыға өзіне ыңғайлы сотты таңдау құқығы беріледі)

4. Халықаралық шарттарда белгіленген ерекше соттылық тәртібі (егер халықаралық шарт басқа сотты айқындаса, сол тәртіп қолданылады).

Бұл институт Қазақстан азаматтарының құқықтарын олардың тұрған жеріне қарамастан қорғауға; сотқа қолжетімділікті жеңілдетуге; трансшекаралық дауларды тиімді шешуге; ұлттық сот жүйесін жаһандық үрдістерге бейімдеуге мүмкіндік береді.



Марал ШАХХМЕТОВА,
Глубокое аудандық сотының судьясы

Экстерриториялық соттылық – азаматтардың сот қорғауына конституциялық құқығын іске асыруда маңызды құрал. Ол сот жүйесін икемді, қолжетімді және халықаралық қатынастар жағдайына бейім етеді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЛИЦЕНЗИЯСЫЗ ЖҰМЫС
ІСТЕГЕНДЕР ЖАЗАЛАНДЫ

Жетісу облысының денсаулық сақтау ұйымдарында заңбұзушылықтар анықталды. Қаратал ауданының прокуратурасы тұрғындарға міндетті сертификаттары жоқ және медициналық қызметке лицензиясыз медициналық көмек көрсетілгенін анықтады.

Облыстық прокуратурасы баспасөз қызметінің мәліметінше, анықталған заңбұзушылықтар үшін медициналық ұйымдардың 20 қызметкері әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Олардың қатарында – орталақ аудандық аурухананың бас дәрігері мен оның орынбасарлары бар. Оларға жалпы сомасы 4 миллион теңгеден асатын айыппұл салынған. Олар заңсыз медициналық немесе фармацевтикалық қызмет, дәрі-дәрмектермен жұмыс істеу қағидаларын бұзу және лицензиялау нормаларын сақтамау бойынша айыпталған.

Сондай-ақ, прокуратура халықты вакцинациялау ережелерінің бұзылғанын анықтады. Осыған байланысты Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 425-бабының бірінші бөлігі бойынша төрт ауылдық аурухана меңгерушісіне 157 280 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Прокурорлардың айтуынша, бюджетке 12,8 миллион теңге көлемінде қаражат өтелді.

Еске салайық, Қазақстанда жеке процедуралық кабинеттер иелеріне заңбұзушылықтар үшін 15 миллион теңгеден астам сомаға айыппұл салынған еді. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше, талап бұзған немесе лицензияға қажетті қосымшалары жоқ 406 нысан анықталған. Түсіндіру жұмыстарынан кейін 247 кабинет «ерікті түрде қызметін тоқтатты».

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ӘРТУРА

2. «Nurorda» мектеп-лицей» мекемесі, БСН 070740012675, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-ына хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 7172 695 037, 8 7172 695 058.

3. ЖШС «Казконтракт» Компаниясы» өз қатысушыларын 2025 жылдың 24 желтоқсанында сағат 15.00-де, серіктестіктің кезектен тыс жалпы жиналысы, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 65-үйдің мәжіліс залында, келесі күн тәртібімен өтетіні туралы хабардар етеді.

1. ЖШС «Казконтракт» Компаниясы» 27.03.2025 жылғы кезекті жалпы жиналысының №1 және 18.07.2025 жылғы кезектен тыс жалпы жиналысының №2 шешімдерінің орындалуы туралы, 5 жылдан астам уақыт бойы өз міндеттерін орындамаған жиналыстарға келмегендігі және Серіктестікпен байланысын жоғалтқан қатысушылардың мәліметтерін анықтау және нақтылау жөніндегі комиссияның жүргізген жұмысы туралы.

2. ЖШС «Казконтракт» Компаниясы» Жарғысының 4-бабы, 4-тармағы, 4.4 тармақшасы бойынша және ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 12, 17-баптарының 5,6-тармақшасымен 4,3-тармағына сәйкес, серіктестікпен байланысын жоғалтқан және 5 жылдам астам уақыт бойы серіктестік алдындағы міндеттерін орындамаған қатысушыларды жауапкершілігі шектеулі Серіктестіктің мүшелігінен шығару туралы шешім қабылдау.

3. Серіктестіктің Жарғылық капиталын азайту туралы. Қатысушыларды тіркеу: 24.12.2025ж., сағат 14:00мин. 14 сағатқа 50 мин. аралығында өтеді. Танысуға арналған материалдар жиналысқа дейін 10 күн бұрын мына мекенжай бойынша ұсынылады: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 65, 303-кеңсе, тел: 267-01-81.

8. Батыс Қазақстан облысының Бөрлі аудандық сотында Саратов Ольга Николаевнаның арызы бойынша 01.01.1945 жылы туылған Тамара Александровна Шипилованы өлді деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Новосибирск қаласы, Заельцовский ауданында дүниеге келген Тамара Александровна Шипилова Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Жайық көшесі, 25/1 үй, мекенжайында тұрған. Барлық тұлғалардан Тамара Александровна Шипилованың тұрғылықты жері туралы мәліметтер болса, осы хабарлама жарияланған күннен бастап үш ай көлемінде: БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Аль-Фараби көшесі, 72 орналасқан Батыс Қазақстан облысының, Бөрлі аудандық сотына судья А.Н.Халеловке хабарласуы сұралады, тел. (8 711 33) 2 06 68, 2 02 95.

11. «Агротрейд KST» ЖШС, БСН 110140011794, жарғылық капиталдың мөлшерін 48 000 000 (қырық сегіз миллион) теңгеге дейін азайғанын хабарлайды. Бұл өзгеріс жалғыз қатысушының үлесін 14 210 000 (он төрт миллион екі жүз он мың) теңгеге азайту арқылы жүзеге асырылады.

Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Карбышев көшесі, 45/1.

12. «Астана даму орталығы» ЖШС, БСН 150340009925, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласы, А. Мәмбетова көшесі 24 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. 8 (7172) 570086 (ішкі 163).

ТАРАТУ

4. «МедЛуч» ЖШС, БСН 200340022210, (Қостанай облысы, 111900, Федоров ауданы, Федоровка ауылы, К. Либкнехт көшесі, 18-үй, 5-пәтер), таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдардар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоровка ауылы, Легкодухов көшесі, 4-үй, 2-пәтер. Тел.: +7 777 652 58 71.

5. «AST Sarapta» ЖШС, БСН 210240007691, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 21-үй.

6. «SAUBOL PRO» ЖШС, БСН 240340014178, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сақтаған Бәйішев көшесі, 7/2-үй, 9-пәтер. Тел.: +7 701 550 04 31.

7. «ELORDA CLINIC» ЖШС, БСН 230541030243 (Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Ш.Уәлиханов көшесі, 36А үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Астана қаласы, Егемен Қазақстан көшесі, 3/5 мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8 701 751 10 15.

9. «КУАНЫШ и ЛМ» ЖШС, БСН 070640008871, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылдық округі, Қаракемер ауылы, 78-үй.

10. «В-Консалтинг2020» ЖШС, БСН 220740016829, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Ахмет Байтұрсынұлы көшесі, 5-үй, ҚСБ 46.

13. Павлодар облысы соттары, Қазақстан Республикалық Судьялар одағының Павлодар облысы бойынша филиалы, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Павлодар облысы бойынша департаменті ұжымдары, сот жүйесінің ардагері, отставкадағы судья

Ақылжан Тұрсынбекұлы Тұрсынбековтың

қайтыс болуына байланысты, оның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:

«Media pagekz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы. Басы өткен №87, 88-сандарда)

– Маған қылмыстық істің тез ашылуы маңызды. Әрине, қазір тергеу бөлімшесіне барамын.

Абылай киллердің суретін фоторобот арқылы жасап шығарып, жан-жаққа таратты.

Полковник Абылай таңертең жұмыс орнына әдеттегіден ерте келді. Жолай тек өзі білетін кішкентай мешітке соғып, ішінен үнсіз дұға жасады:

«Я, Раббым, әділет үшін, адалдық үшін тілегімді қабыл ет. Бұл жерде бір адамның емес – тұтас сенімнің қаны төгілді...».

Абылай Болаттың бетпақ мінезіне таңғалды. Ішкі түйсігі, барлық дәлелдер Болатты нұсқап тұр. Алайда нақты айғақ – киллер.

Қанша жерден ақылды, сақ, байсалды офицер болса да, бұл жолғы іс полковник Абылайды алаңдатпай қоймады. Жомарттың өлімі – біреудің кегі емес. Бұл – салқын ақылмен жоспарланған, жүйелі қылмыстық топтың ізі бар, тым күрделі іс екенін ол бірден түйсінді. Бірақ кім ұйымдастырды? Не мақсатпен? Қалай?

Түнде кабинетінде жарығы өшпеген жалғыз терезе – Абылайдікі. Ол үстелге жайылған істі бірнеше мәрте шолып шықты. Болаттың үй-

ші Нияз». Бәрі бір-бірімен тығыз байланысқан. Бұл ақша аудару тізбегі – қылмыскерді жасыру тізбегі.

Наурыз мейрамы жақындап қалған. Тергеу барысында мейрамды сезінбестен жүрген Абылай бір сәт тыныс алып, үйіне оралды. Жұбайы мен балаларының жарқын жүзін көріп, көкірегіндегі мұз ерігендей болды. Көрісу күні болғандықтан ұлттық киім киген қыздары мен шапан жамылған баласы, дастарқан басындағы көже мен әжелердің батасы – барлығы жүрегіне жылу сыйлады. Бір күннен кейін қалада Наурыз мейрамы аталып өтіледі. Абылай ерте тұрып, дүкенге барып, өзіне жаңа шапан, әйелі мен бала-

жиен інісі «жұмыс іздеп келдім» деп келген. Алайда, ол «жиеннің» шын бейнесін білмеген. Паспорты ауыстырғанымен, түрін өзгерте алмаған. Киллердің аты – Тұман. Қызық. Абылай бұл есімді алғаш естіп тұр. Қазақстандық база да, Интерполдың тізімі де бұл атты білмейді. Не деген шеберлік? Демек, бұл – көлеңкеде көптен бері жасырын жүрген жан, бәлкім, бұл – оның алғашқы тіркелген қылмысы.

Ташкент әуежайынан көтерілген әскери тәртіптегі ұшақ таңғы сүттей бозалаң тартқан сәтте Шымкент қаласының ІІМ арнайы қону алаңына келіп жаймен орнықты. Абылайдың өзі сол сәтте қону алаңында тұрды. Шекара, Интерпол, прокуратура – бәрі келісілген. Ұшақтың ішінен кісенделген, басы салбыраған бір адамды екі арнайы жасақ қызметкері жетектеп шықты. Ол – Тұман. Күдікпен бүркемеленген жанар, суық үнсіздік, ішкі қарсылық сезімі – бәрі жүзінен-ақ байқалып тұр.

ша жаңалық бар. Телефонның арғы жағындағы үн бір сәтке үнсіз қалды. Жанардың жүрегі қатты дүрсілдеп кетті.

– Иә... Тыңдап тұрмын.

Абылайдың дауысы нық шықты. – Күдікті – Жомарт мырзаның өліміне қатысы бар адам Қазақстанға жеткізілді. Енді біз шындыққа жақындадық.

Жанар егіліп жылап жіберді. Бұл – жеңістің емес, әділетке бір табан жақындаудың көз жасы.

– Рақмет... Сізге сеніп едік... Шүкір...

Абылай үндемей тұрып қалды. Оның да көкірегін бір ащы тыныштық тырнап өтті. Бірақ қазір эмоция емес, нақты жауаптар қажет.

Тергеу бөлмесі. Қабырғада сағаттың тықылы ғана естіледі.

Күнгірт жарық, сұр қабырға, сұрақ пен жауаптың шекарасы ғана бар. Тұман үстел басында отыр. Оның екі қолы үстелдің астында кісенделген. Басында бейнебақылау жұмыс істеп тұр. Абылай жайлап кірді. Қолында қалың папка. Фотосуреттер, ақша аударымдар, телефон жазбалары.

Полковник Тұманмен жеке өзі сөйлесті. Тергеу изоляторында, темір есіктің ар жағындағы сұр киімді, мұздай көзді, қылшығы қырылмаған жас жігітпен бетпе-бет келді.

– Тұман, – деді ол орындыққа отырып жатып. Киллер үндемеді. Қабағы түйілген күйі қарап отыр.

Абылай стол үстіне Жомарттың фотосын қойды.

– Бұл адамды танысың ба?

Тұман бір көз тастап, қайта жерге қарады.

Абылай екінші фотоны шығарды. Бұл жолы – көшеде түсірілген бейнебақылау кадры. Тұманның жүгіріп келе жатқаны анық көрініп тұр.

– Бұл сен бе?

– ...Қайдан бөлейін. Бәрі бірдей болып кеткен, – деді Тұман міңгірлеп.

Абылай жымиғандай болды. Бірақ көзінде күлкі жоқ.

– Сенің Өзбекстанға кеткен жолың, Айгүлдің саған ақша аударғаны, Болатпен байланысың – бәрі дәлелденді. Енді тек бір-ақ нәрсе керек: тапсырысты кім берді?

Тұман үнсіз қалды. Сәлден кейін:

– Мен ақша алдым. Бірақ мен ешкімді танымаймын.

Абылай үстелге бір парақты жайып қойды. Бұл – Өзбекстанда Ниязханның үйінде тұрып жатқан кездегі құжат. Төлқұжаттағы есім – Сұлтанбек. Бірақ сурет Тұмандікі.

– Сен жалған құжатпен жасырынып жүрдің. Ал егер қазір өз еркіңмен жауап берсең, сот жеңілдік жасайды. Әйтпесе, он жеті жыл емес, өмір бойына кетуің мүмкін.

Кенет Тұман басын көтерді. Көзінде болмашы шындық ұшқыны жылт етті.

– Мен тапсырысты тікелей алған жоқпын. Байланысқан адамым – Айгүл.

– Болаттың бұйрығымен бе?

Тұман терең дем алды. Бір сәт ойланып:

– Иә, «Мына адам көзден ғайып болуы керек», – деді. Суретті көрсетті. Қанша алғанымды өзің көрдің. Абылай орнынан жайлап тұрды.

– Сенімен сөйлесуге Жомарттың жесірі келеді. Оған бәрін айт. Қалғаны – заң мен Алланың үкіміне қалды.

Киллер басын изеді.

Абылай есікке бұрылып бара жатып, бір сәт кідіріп:

– Неге өлтірдің? – деді Тұманның көзіне тік қарап.

Алмагүл СЕРІКҚАЛИЕВА
(Жалғасы бар)

АР ЖАЗАСЫ –

Ол жұмысқа келген бетте Болатты тағы да кабинетіне шақыртты. Болат бұл жолы да кешікпей келді. Өзін сенімді ұстап отыр. Костюм киіп, сағатын түзеп қойып, іскер кездесуге келген адамдай сықиып алған. Абылай оны психолог іспетті сөйлетіп, шындықты өз аузынан шығартуға тырысты.

– Болат мырза, сіз Жомарт Құдайбергеновтың қазасына қатысты істің басты куәгерісіз. Қылмыстық істі ашу үшін сізді амалсыз тағы шақырып отырмайын.

Болат жымиып:

– Мен Жомартты туған ағамдай көретінмін. Ол үшін сіздерге көмек беруге әрқашан да дайынмын. Қазасы мені де есеңгіретіп тастады.

Абылай көзін төмен салды. Бір сәт үнсіз қалды. Сосын кенет:

– Ал сіз 2023 жылдың 4 қараша күні Айгүл Бақытбековаға аударған 5 миллион теңге туралы анық ақпарат бермедіңіз? Айгүл ханымның шоты арқылы кімге аударма жасадыңыз?

Болаттың жүзі бозарып кетті. Қолын үстелге қойған күйі саусақтары дірілдей бастады.

– Болмашы көмек екенін алдында да айтқанмын. Жомарт ағамның құрған компаниясы бүгінде Қазақстанға танымал. Сондықтан бізде қайырымдылық жиі жасалады. Біз көп адамдарға жәрдем береміз. Оның бәрін қалай есімде сақтаймын. Абылай өткір үнмен:

– Жалған жауап – шындықтың дұшпаны. Біз сіздің үйіңізге тінту жасағанда біраз дәлелдер таптық. Біздің қолымызда аудиожазба бар. VPN арқылы сөйлескен күдіктінің нөмірі – сіздің телефоныңыздан табылды. Сіз тапсырыс бергенсіз.

Болат орнынан тұруға ұмтылды:

– Мен кетем! Бұл сұрақтар заңсыз!

Абылай жай ғана алдында тұрған түймешені басты. Есіктің сыртында тұрған жас офицер ішке кіріп, Болатты қайта отырғызды.

– Қылмыс жасаған адамның айқайы – өз шындығынан қорыққан адамның үні, – деді Абылай, көзін қадай қарап. – Мен мыңдаған қылмыскерді көрдім. Бірақ ең ауыр қылмыс – бауырлықты сатып кеткен адамдікі. Сен – сол бауырды өлтіріп, сатып кеткен опасызсың.

– 5 миллион – киллер жалдау үшін жіберілген ақша емес. Ол – көмек ақша. Мен киллерді мүлдем танымаймын. Жомарт маған аға болған адам!

– Киллер де табылады. Сонда басқаша сайрайтын боласың.

– Онда шындық ашылады. Менің бұл іске еш қатысым жоғы анықталады. Мен енді ешқандай сұраққа жауап беруге тиісті емеспін. Амансау болыңыздар!



АҚИҚАТ АЙНАСЫ

інде тәркіленген телефон деректерінде ерекше нәрсе сол баяғы Айгүл Бақытбекова деген әйелдің есепшотына екі рет аударылған теңге. Бірдей сома. Мұндай дәлдік – кездейсоқтық емес. Бұл – қылмыстық әлемнің «қызмет ақысы». Және сол қаржы Айгүл арқылы бір беймәлім өзбекстандық нөмірге аударылған. Аты – «Жүкші Нияз». Алайда, бұл адам туралы ашық базаларда ешқандай ресми дерек жоқ. Бәрі күмәнді. Абылай қалтасынан телефонын алып, байырғы досы Мұратқа қоңырау шалды. Бұл екеуін кезінде еркін күрес кілемі табыстырған. Аяқтарын сан мәрте майыстырған, арқаларын сүйеген сенімді достар. Қанша жыл өтсе де, арадағы сыйластық сөнбеген. Екеуі де құқық саласында адал еңбек етеді.

– Абылай бауырым! Не жаңалық? Көп уақыт болды, хабарсыз кеттің, – деді Мұрат көңілді дауыспен. Абылай:

– Мұрат, амансың ба? Жұмыс бабымен хабарласып тұрмын. Дерреу сенің көмегің керек. Бір адамды тапқым келеді. Аты – Ниязхан Төлебаев. Ташкент жақта болуы мүмкін.

– Айттың болды. Бір-екі күнде іздеймін.

Абылай телефон арқылы досымен ұзақ сөйлесті. Өткен-кеткенді естеріне алды. Содан орнынан тұрып, қабырғадағы картаға көз салды. Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасы. Ташкенттің маңы. «Жүк-

ларына ұлттық киім сатып алып, бәріне тамаша сый жасады. Ауладағы киіз үйге барып, наурыз көжеден дәм татты. Әжелердің батасын алды. «Ұлыс оң болсын!» деген тілектер жүрекке жылу сыйлады. Көңілі бір сәтке тынышталғандай.

Екі күннен кейін Мұрат хабарласты:

– Абылай, таптық. Бұл Ниязхан деген кісі менің ауданымда тұрады. Бірақ бір қызық бар. Үйінде тысқаны тұрып жатыр екен. Келбеті сен жіберген фотодан аумайды.

Абылай қуанып кетті. Ол – дәл сол! Жомартты атып өлтірген қандықол киллер! Бір сәтке ішкі түйсігі селт етті. Бұл – жай ғана кезекті бір қылмыс емес. Бұл – үлкен құрылымның шетін сырып, тереңге үңілетін сәт. Түйсігі соны сезді. Көптен іздеген тізбектің алғашқы буыны қолына түскендей.

Абылай шұғыл түрде Бас прокуратурамен, ІІМ-мен, Интерполмен байланысқа шықты. Бәрін заң шеңберінде істеу керек: экстрадиция, дәлел, айғақ, қаржы іздері. Бір түннің ішінде бірнеше томдық қылмыстық істі сүзгіден өткізіп, шетелге аударылған қаржының ізін нақтылап берді. Ташкентке жіберілген қаржының қай шоттан шыққанын, қай банкте тоқтағанын, қандай атпен тіркелгенін – барлығын мұқият ашып шықты.

Өзбекстан полициясы Ниязханнан түсініктеме алды. Айтуынша,

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6047 дана
Апталық таралым 12094 дана

Тапсырыс №178 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ